**1999 жылы бюджеттік қаражаттың есебінен гидрометеорологиялық ақпарат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 қазан N 1567

"Қазгидромет" және "Қазавиамет" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 185 P990185 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Орталық және жергілікті атқарушы органдардың,

өзге де мемлекеттік ұйымдардың тізбесі мен 1999 жылы "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оларға бюджеттік қаражаттың есебінен беретін гидрометеорологиялық ақпараттың көлемі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 19 қазандағы
N 1567 қаулысына
қосымша

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, өзге де мемлекеттік ұйымдардың тізбесі мен 1999 жылы "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оларға бюджеттік қаражаттың есебінен беретін гидрометеорологиялық ақпараттың көлемі

| Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар | Гидрометеорологиялық ақпарат | Беру кезеңділігі | Жеткізу тәсілі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Қазақстан Республикасы | Күнделікті метеороло. | Жыл бойы | Факсимиль. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Президентінің Әкімшілігі | гиялық бюллетень, ауа райының ай сайынғы бюллетені, 2-3 күнге ауа райын болжау, ауа райын бір аптаға болжау, Астана, Алматы қалалары бойынша осы күнге және бір тәулікке ауа райын болжау, апатты және қауіпті гидрометеоро. логиялық құбылыс- тардың пайда болуын тұтқиыл ескерту | Қауіп пайда болған жағдайда | дік байланыс |
| Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасы. ның Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі | Күнделікті метеороло. гиялық бюллетень, апатты және қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың пайда болуын тұтқиыл ескерту | Жыл бойы<br>Қауіп пайда болған жағдайда | |
| Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Көлік, және коммуникация. лар министрлігі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі | Күнделікті метеорологиялық бюллетень, апатты және қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың пайда болуын ескерту табиғи ортаның (су, ауа, жер, радиоэкология) жағдайы туралы ай сайынғы экологиялық бюллетень экстремалдық жоғары ластану (ЭЖЛ) деңгейлері, Жоғарғы ластану (ЖЛ) деңгейлері, қауіпті құбылыстар (ҚҚ) туралы жедел ақпарат | Жыл бойы | Почталық байланыс |
| "Қазақстан теледидары мен радиосы" Республикалық корпорациясы | Апатты және қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың пайда болуын тұтқиыл ескерту | Қауіп пайда болған жағдайда | Телефонограмма |
| Астана қ. әкімі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Алматы қ. әкімі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Облыс әкімдері | Бұл да | Бұл да | Бұл да |

Ескерту: 1. Қазгидрометтің Ауа райы бюросы дайындаған күнделікті метеорологиялық бюллетень тек министрліктердің орталық аппаратына министрлік ішінде ғана қолдануға және меншік иесінің нысанына қарамастан, үшінші жаққа беру құқығынсыз жіберіледі.

2. Осы Тізбеде көрсетілген министрліктердің облыстық бөлімшелерінің апатты гидрометеорологиялық құбылыстар пайда болғаны туралы тұтқиыл ескертулерді ғана бюджеттік қаражат есебінен алуға құқығы бар.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК